

Қыпшақ санамағы

(Иштван Мандоки Қоңыр мен Зәки Ахметов зерттеулерінің тоғысуы)

Р.З.Мұқышева,

ф.э.к.

Мажарстан, Сегед

Қазақ өлеңсөз теориясының негізін қалаушы ғалым Зәки Ахметов өлеңдегі ұйқас пен ырғақтың негізі халық поэзиясынан бастау алатынына ғылыми еңбектерінде көптеген сенімді дәлелдер келтіреді. Ғалым қазақ өлеңінің силлабикалық табиғатын сипаттауда тек тармақтағы буын санын санаумен шектелмеу керек екенін ескерте келе, қазақ өлеңінің жүйесінің бірқатар тарихи-әдеби факторларға, соның ішінде ұлттық әдебиеттің даму деңгейіне, сондай-ақ көркем поэзия, әдеби тілдің дамуына, жинақталған ұлттық поэтикалық дәстүрлерге де байланысты [1] екендігіне назар аударады.

Қазақ өлеңінің дәстүрі арғы көне түркі, бергі қыпшақ тілді халықтардың тілімен, мәдениетімен тамырлас. „Қазақ өлеңі құрылысының негізгі ерекшеліктері қазақ тілінің құрылысында жатыр, өлеңсөз жүйесін, оның кейбір маңызды жақтарын тілдің құрылысын ескермей зерттеу сәтсіздікке ұрындырады” [2],- дейді Зәки Ахметов.

Осы тұрғыдан алғанда түркітанушы Иштван Мандоки Қоңыр мен Зәки Ахметовтің зерттеулері сабақтасып жатыр.

Мажарстандағы қыпшақ фольклоры туралы сөз қозғамас бұрын, олардың Мажарстанға қалай келгендігін баяндаған жөн. Қыпшақтарды Мажарстанда *кундар*, *құмандар* деп атаған. Ғылыми әдебиетте *кун* атауы жиі қолданылады. „Бізге *кун* деген есіммен мәлім халық IX ғасыр батыс Сібір далаларында *қыпшақ* деген атпен белгілі болған. XI ғасырдың ортасында Еділден өтіп, оғыздарды батысқа қарай ығыстырады. Алдыңғы жасақтары орыс княздығының шекарасына 1055 жылы-ақ жеткен, алайда олармен шайқасқа 1061 жылы ғана түседі. Біртіндеп алға жылжып, 1068 жылы Чернигов маңында, 1071 жылы Киев княздығының оңтүстік-батыс шекарасында шайқасып, 1078 жылы Адрианопольді шабуылдайды. XX ғасырдың аяғына қарай Дунайдың төменгі ағысын жаулайды. Осы уақыттан бастап Дон және Днепр маңындағы бас қоныстарынан үлкен аумаққа билік жүргізіп отырады. Еділден Дунайдың төменгі ағысына дейін жайылған тайпалық одақтарын монғол шапқыншылығы ойран-асыр етеді. 1223 жылы Халка өзені жанындағы шайқаста қырғынға ұшырап, басым бөлігі Карпат және Молдавия аумағына ығысады. Бір бөлігі христиан дінін қабылдайды. Монғолдардың 1239 жылғы қайталанған шапқыншылығынан Мажарстанға қашады” [3].

Көсемдері Көтөн IV Велаға елшілерін жіберіп, Мажарстанға халқымен көшіп баруға рұқсат сұрайды. Рұқсат алған соң 1239-1240 жылы 40000 халқымен көшеді. Тұрғылықты халыққа және жаңа мәдениетке бейімделе алмайды. Себебі тұрғылықты халық оларды, татарлардың сыбайластары деп сенімсіздікпен қабылдайды. Монғолдардың алдыңғы шептерінен түскен тұтқындардың арасында *кун* тілінде сөйлейтіндер ұшырасып қалатын. Бұрынғы күмәндері нығайған мажарлар Көтөнді өлтіреді. Бұған ашуланған *кундар* елді қырып-жоя Мажарстаннан оңтүстікке қарай жылжиды. Татар шапқыншылығынан кейін IV Бела оларды қайта шақырып, Тисаға жақын, Көрөш, Марош, Темеш өзендерінің маңына қоныстандыруға тырысады. Сол аумақтарда еркін көшіп-қонуға, ескі салттары бойынша өмір сүруге рұқсат алады, оған қоса ақсүйектермен тең артықшылықтарға ие болады. Бұған төлем ретінде христиан дініне өтулері міндет болады. Дінді тарату үшін доминакан монахтары жіберіледі. “Бела патша елдің әлсіреуі салдарынан *кундардың* әскери күшіне аса мұқтаж болады, сол үшін қарым-қатынастарының жақсы болғанын қалайды. Осы мақсатта ұлын *кун* қызына үйлендіреді. Бұл елдегі *кундардың* ықпалының қатаюына зор үлес қосады. Бела ұлы Иштванды 1246 жылы таққа отырғызып, онымен билікті бөліседі, алайда бұл *кундарға* деген сенімнің шайқалуынан туған шиеленіске әкеліп соқтырады. Иштван оларды өзінің маңына тартуға

қол жеткізсе, Бела пападан пұтқа табынушы кундарды бұғаулауға көмек сұрайды. Бела тақта ұзақ отырып, 1270 жылы қайтыс болады, ұлы одан екі жыл кейін дүние салады. Иштванның тірі қалған ұлы мен жесірі көтерілісшілердің қолына түседі. Тек қанды күрестің күшімен олар босатылады. 1272 жылы Ласлоны патша тағына отырғызады. IV Ласлоны тектен-тек Кун Ласло деп атамаған. Ол анасы жағынан жартылай кун болғандығынан ғана емес, кундардың салттарын да қабылдаған және ресми түрде Изабелла Анджойға үйленгенмен де, кун дәстүрімен кун текті үш әйел алады: Айдува (Едуа), Күпчече және Мандола. Осындай қылықтарымен шіркеуді өзіне қарсы қойып алады. Ақыры папа тәртіпті қалпына келтіру мақсатында елге өкілдерін жібереді. Кундардың отырықшы болуы және христиан дінін қабылдаулары керек, оның есесіне дәстүрлі киімдерін киіп ақсүйектерге ұқсас құқыққа ие болып, басшылары венгр патшасының наместнигі болады деп ұйғарады. Кундар Тетеньде болған халық жиналысында бұған келіседі, бірақ жүзеге асырмайды. Бәрі баяғыдай боп қалады, әуелі Ласло оларды қолдап, қанағаттанбаған өкілдікті кундардың қолына ұстатады. Сол кезде Ласло да ұсталады, сөйтіп жаңа келіссөздер басталады. Ласло кундардың жоғарғы міндеттерін орындатуға тырысқанда, кундардың бір бөлігі көтеріліп, Валахиядағы кундарды көмекке шақырып, Тисаның жоғары жағын түгелдей қырып салады. Бұл шайқаста 1280 кундар патша әскерінен ойсырай жеңіліп, көбі Валахияға қайтады, қалғандары Мажарстанда қалып, отырықшыға айналып, христиан дініне өтеді” [4]. Осы кездегі жазбаларда *nyogor* (нөкер) деген сөз пайда болады. Бұл патша жанында әскери қызмет атқаратын еркін кун жасақтарының атауы еді. Бұл сөзді Дьюла Немет мажар тіліне қыпшақ тілі арқылы енген монғол сөзі, ал монғол тілінен қыпшақ тіліне парсы тілі арқылы енген дейді [5].

Ласло бұдан кейін де, кейде дос, кейде жау болғандарына қарамастан, кундарға пейілді болады. Ласлоны өлтірген соң, елде кундардың әсері күрт азаяды. Түгелдей отырықшы болуларына жүз жыл кетеді, ал тілдері Иштван Мандоки Қоңырдың айтуынша XVII ғасырдың ортасына дейін сақталады.

Күні бүгінге дейін Мажарстанда Дунай мен Тиса арасы – Кишкуншак (Кіші қыпшақ жері), шығысы Надькуншак (Ұлы қыпшақ) деген атауларға ие. Қарсақ қаласы – Ұлы қыпшақ жерінің жүрегі.

Мажар тілінде кун тілінен қалған сөздер негізінен соғысқа, әскери атауларға, қару-жараққа байланысты және көшпенділік өмірге, мал шаруашылығына байланысты сөздер.

Кун мәдениетінің бүгінге жеткен ескерткіштері қандай, олар туралы не білеміз? Кун тілі мен мәдениеті көптеген мажар ғалымдарының, түркітанушыларының еңбектеріне негіз болған. Алғаш кун тілі ескерткіштерін зерттеген Дьюла Месарош. Месарош тек мәтін ескерткіштерді, ең алдымен қыпшақша дұғаны, басқа да 18 ғасыр аяғында, 19 ғасырдың ортасында жазып алынған түсіндірілуі қиын мәтіндерді қарастырған. Одан басқа мажар тіліндегі түркі кірме сөздерін зерттеген Дьюла Немет, Геза Барци, Лайош Лигети секілді ғалымдар кун тілі ескерткіштерімен айналысқан.

Қарсақта дүниеге келген, қыпшақ мәдениеті мен тілінің жетік білгірі Иштван Мандоки Қоңырдың еңбектері мажар түркітануына мол жаңалықтар қосты. Ғалымның ғылыми қызметі туралы түркітанушы Иштван Вашари былай дейді: „Қыпшақ тегі Мандокидің түркі әлеміне деген қызығушылығын ерте оятты. Мандоки қандай жұмыс істеді, соңына шын мәнісінде қандай мұра қалдырды? Ғылыми қызметін қозғаушы күш оның ішкі рухы, қыпшақтар, мажар-қыпшақ байланысына қатысты мәселелер еді. Азиялық түркілер, әсіресе, қыпшақ түркілердің оны қызықтырған себебі, мажар халқының бір бөлігіне айналған қыпшақтардың ата-бабалары мажар Алфелдісіне сол жақтан кеген болатын. Осыған байланысты ғылыми қызметін үшке бөліп қарастыруға болады қыпшақ-түрік филологиясы мен этнографиясы, Мажарстан қыпшақтары және мажарлардың көне тарихы. Мандоки Иштван бүгінге жеткен мәтіндердің негізінде ықтимал түпнұсқа мәтінді қыпшақ-түрік тілінің ерекшеліктерін қалпына келтіре отырып қайта жаңартады” [6].

Иштван Мандоки Қоңыр „Кун тілінің Мажарстандағы ескерткіштері” атты

еңбегінде оларды мәтін ескерткіштер және үзік ескерткіштер деп екіге жіктейді:

1. Кундардан қалған мәтін ескерткіштер:

а) „кун миатянк” („Отче наш” қыпшақша)

б) „Халаш жыры”

с) ас дұғасы

д) сәлемдесу және алғыс айту түрлері

е) балалар санамақтары, тақпақтар, ойын сөздер

2. Кундардан қалған үзік ескерткіштер

а) кун текті адам аттары және жер атаулары

б) Кіші және Ұлы құншақтағы, яғни, кезінде осы аудандарға қараған жерлердегі адам аттары мен жер атаулары шынымен де кундардікі деген жорамалмен

с) Кіші және Ұлы Құншақтан басқа жерлерде де ұшырасатын, бірақ анық тегі кун деп дәлелденген адамдардың фамилиялары, кундар ат берген жерлер, өзендер, рельефтердің кун атаулары

3. Мажар тіліндегі кун кірме сөздері

а) Мажар ауызекі тіліндегі кун кірме сөздері

б) Кіші және Ұлы құншақтағы және олармен тікелей көрші жерлердегі кун диалектілері”[7].

“Қыпшақша дұға” („Кун Миатянк”) – XVI ғасырда пайда болып бүгінге жеткен қыпшақ тіліндегі тұтас мәтін. Мажар тіліндегі „Миатянк” („Отче наш” дұғасы) қыпшақ тіліне аударылады, сөйтіп „Кун Миатянк” аталады. Кундар христиан дінін (реформат) қабылдаған соң мәтіннің сөзбе-сөз аудармасы жасалған. Бұрмаланған қыпшақша дұғаны Мандоки, бұрынғы кун тілінің ерекшеліктеріне байланысты қайта қалпына келтірді.

Мандоки еңбегінің соны нәтижелерінің ішінде ең маңыздысы әрі сәттісі — қыпшақ санамағының реконструкциясы. „Бұдан соң қыпшақ санамақтарын талдайды. Бұл еңбегінің жаңалығы мол, батыл филологиялық пікірлерге толы көркем тарауы. Түсінбестей етіліп бұрмаланған санамақтарды тілдік тұрғыдан қайта жаңғыртып басқа түркі халықтарының ұқсас санамақтарымен теңестіреді. „Халаш жыры” мен ас дұғасын қалпына келтіру мәтіндердің аса қатты бүлінгендігі себепті тым сәтті болған жоқ” [8].

Қоңыр Мажарстандағы Кунсентмартон, Кунмадараш пен Қарсақ, Кишуйсаллаш тұрғындарынан қыпшақ санамағының жеті вариантын жинайды. Бұл санамақтардың реконструкцияламай тұрғандағы мағынасы түсініксіз. Сөздердің бөлек-бөлек тұрғанда қазіргі мажар тілінде мағыналары бар, ал бәрі құралып, тұтас мәтінді құрай алмайды. Құраса да, ешқандай мәні жоқ. Санамақты басқа түркі тілдеріндегі, ең алдымен Добруджа татарлары мен қазақ аналогиялары негізінде қыпшақ тіліне қайта құрады. 1968 жылы жазда Добруджада Азаплар атты татар (румьынша Татара) ауылы шетінде құрақта ойнап жүрген кішкене қыздың аузынан естіген санамақты келтіреді:

bir dedim birlew

eki dedim ekilew

úš dedim úšlew

dört dedim dörtlew

beš dedim bešlew

altı dedim alma

jedi dedim yalma

sekiz dedim selma [selma-Selma]

oquz dedim dolma

on dedim oymaq

qazantúpte qaυμαq

úy aldında boz tana

qoltawada qayqana

alpaq malpaq

tabanlarī jalpak
qomşy köyge jeteiyim
seni makta ketiyim [9]

Бұны қазақшаласак

Бір дедім біреу
екі дедім екеу
үш дедім үшеу
төрт дедім төртеу
бес дедім бесеу
алты дедім алма
жеті дедім жалма
сегіз дедім Селма [Селма – қыз аты]
тоғыз дедім толма [долма – бұл толтырылған тамақ]
он дедім оймақ
казан түпте қаймақ
үй алдында боз тана
қолтабада қайқана [қайқана ноғай тілінде құймақ]
алпақ-малпақ
табандары жалпақ
көрші ауылға жетейін
сені мақтап кетейін.

Мандоки келтірген мәтінге ұқсас санамақты Игнац Кунош 1915 жылы татар әскери тұтқындарынан жазып алады. Осы қырым татар санамағының мәтіні Добруджа татар мәтінімен бірдей. Тек *birlew* орнына *birlau*, *ekilew* орнына *ekilau*, яғни, *lew* жұрнағы қырым татарларының тілінде *lau*. Оннан ары қарай қырым татар санамағының мәтіні былай жалғасады

buzdan taυμαq
şir çara qaυμαq
çil çil baraç
qarī artında qaynana
qaynananıñ nesi bar
sıyırçıyın sesi bar

Алайда Мандокиге ең алдымен көмекке келген қазақ санамағы болады. 1976 жылы Қазақстанға ғылыми жұмыспен барғанда қазақ санамағын табады. Нәтижесінде Мандоки қыпшақ санамағын былай деп қайта құрады.

Кун санамағы	Мандоки реконструкциясы	Қазақ санамағы
bérem bélő	Birim bilew	Бір дегенім – білеу,
ékem égő	Ekim egew	Екі дегенім – егеу,
öcsem üszök	üçim üzik	Үші дегенім – үскі,
kertem töcsek	törtim töšek	Төрт дегенім – төсек,
becsém becsek	beşim beşik	Бес дегенім – бесік,
állam hasad	altım aşik	Алты дегенім – асық,
csettem csetteg	jetim ?	Жеті дегенім – желке,
szegzem szenneg	segizim senek	Сегіз дегенім – серке,
togzom torcog	toguzum torsuq[10]	Тоғыз дегенім – торқа,
hónom hagyta[11]		Он дегенім – оймақ,

Он бір – қара жұмбақ [12].

Қазақ санамағынан басқа Мандоки реконструкциясына мол жәрдем еткен қарашай санамағы болады. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп, Кавказда қырық

жыл тұрып, алпысыншы жылдардың екінші бөлігінде Мажарстанға қайтып оралған Ұлы Куншактық Иштван Хөдие қарашай және құмық тілдерін ана тілі деңгейінде меңгеріп келеді. Ғалым осы адамның аузынан қарашай санамағын жазып алады:

birdeñ bileü

ekiden egeü
üçden üçgöl
törtten töngek
beşten besik
altıdan aşıq
jetiden qaşıq

segizden senek

toguzdan toqmaq
ondan oymaq
buzdan taymaq
abbel bilim
çiqsin tiliñ [13]

Алайда *үшім үскі* немесе *үшкіл* демей *үш дегенім үзік* деп реконструкциялайды. Себебі кун санамағының фонетикасы (üszök –үсөк) үзік сөзіне сұранып тұр. Оны *үскіге* немесе *үшкілге* бұрмалауды Мандоки артық санайды. Екіншіден үзік келесі тармақтағы *төсек*, *бесік* сөздерімен де үндес, ұйқас. Оған қоса көшпенді қыпшақтардың киіз үйдің үзігін санамаққа қосуы әбден нанымды.

Мандоки кун санамағындағы *жеті* сөзіне жұп болатын сөзді қалпына келтіре алмайды. Ал *segizim senek* деген себебі кун санамағының екі вариантында *сеннек*, *сенне* деген *n* дыбысты сөздер болады. Қарашай санамағындағы *segizden senek* деген тармақ оның пікірін бекіте түседі. Ноғай, қарашай тілдерінде „*сенек*” сөзі *айыр* деген мағынаны білдіреді.

Тоғызыншы тармақ „*togzom torcog*” (*тоғзом торцог*) қатысты қазақ санамағындағы *торқа* және қарашай санамағындағы *тоқмақ* сәйкес келмейді. Мандоки *торсық* сөзін қалпына келтіреді:

hónom hagyta
gyúrúm kapta
alcsík
balcsík
zencsík

qulunum qaçtı
juwur tapcı
.....
sen çıq [14].

Мандоки келтірген кун санамағының енді бір вариантының соңғы тармағы түсінікті мажар тілінде *te menj ki* деп, яғни *сен шық* деп аяқталған. Екіншіден бұлай дейтін себебіміз, қазақша санамақтың тағы бір варианты осылай аяқталады:

Бірім – бірім
Екім – екім.
Үшім – үшім
Төртім – төртім
Бесім – бесім
Алтым – алтым
Ауыр балтам
Қанды қалқам,
Қыркылдауық,

Қырман тауық
Олпық-солпық,
Сен кір, сен шық [15].

Кун санамағының бірінші тармағынан соңына дейін алғашқы сөздің тәуелдік жалғаулы түрін (мажар тілінде де тәуелдік жалғаудың бірінші жағы – м) қазақ санамағынан табады:

Бірім бір,
Екім екі,
Үшім үш,
Төртім төрт,
Бесім бес,
Алтым алты,
Жетім жеті,
Сегізім сегіз,
Тоғызым тоғыз,
Оным он,
Он бірім,
Оны тапшы,
Ай күнім [16].

Ғалым бұл санамақты 1977 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорынан жазып алыпты.

Академик Зәки Ахметов осы бір құрылысы өте қарапайым санамақ мәтіні туралы: „Өте қысқа әрі көп ретте грамматикалық жағынан бірыңғай фразалар тек мағынасы емес, ырғағы мен әуезділігі тұрғысынан таңдалып алынған. Бұл үлгі белгілі бір деңгейде ұйқастың дамуын және оның көне заманның ауызша поэтикалық дәстүрімен байланысын көрсетеді” [1], - деген пікір білдірген екен.

Мандоки Қоңыр Иштван талдаған бұл реконструкциялардың қыпшақ тілін зерттеуге орасан зор үлес қосқаны сөзсіз. Ғалым көптеген ойларын қағазға түсіріп үлгермеді. Алайда осы жаңалықтарының өзімен-ақ мажар мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын кун тілді ескерткіштердің маңызын, олардың мажар тарихы мен рухани мұрасындағы орнын белгілеп берді. Шындығында Мажарстан қыпшақтарының санамағы қазақ өлеңсөзінің терең тамырын зерттеуге де жол ашып береді. Әдеби дәстүр мен көне тарихтың сабақтастығына осы бір қысқа да көркем ауыз әдебиетінің жанры арқылы көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алматы. 1964.стр. 25.
2. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алматы. 1964.стр. 25.
3. Györfy György. A magyaroság keleti elemei (Мажардың шығыстық сипаттары) Gondolat. Budapest, 1990. 201-бет
4. Sándor Klara. A magyar nyelv török yövevényszavai (Мажар тіліндегі түркі кірме сөздері, қолжазба) Szeged. 1993. 80-81-бб.
5. Nemeth Gyula. „Kun László kiraly nyögerei” (Кун Ласло патшаның нөкерлері). Мпу . № 49. 318-бет
6. Иштван Вашари. Достың көңілі. (ауд. мақала авторы Р.М.) Қазақ әдебиеті. № 25. 11-бет
7. Mándoki Kongur István. A kun nyelv magyarországi emlékei (Қыпшақ тілінің Мажарстандағы ескерткіштері). Karcag, 1993. 31-33-бб.
8. Иштван Вашари. Достың көңілі. Қазақ әдебиеті. № 25. 11-бет
9. Mándoki Kongur István. A kun nyelv magyarországi emlékei (Қыпшақ тілінің

- Мажарстандағы ескерткіштері). Karcag, 1993. 79-бет
10. Сонда, 90-бет
 11. Сонда, 74-бет
 12. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алматы. 1964. стр. 226
 13. Mándoki Kongur István. A kun nyelv magyarországi emlékei. Karcag, 1993. 86-бет
 14. Сонда, 90-бет
 15. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алматы. 1964. стр. 224
 16. Mándoki Kongur István. A kun nyelv magyarországi emlékei. Karcag, 1993.
84- бет